

Jaqsynyń aty ólmeıdi, álimniń haty ólmeıdi

# BUQAR JYRAÝ JARSHYSY

№41
(1282)

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazeti Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 jyldyń 12 sáýirinen bastap shyǵady Газета издается с 12 апреля 1939 года

27 qazan 2018 jyl
27 октября 2018 года

## Нұрсұлтан Назарбаев «Азия-Еуропа» форумының XII саммитіне қатысты

***Мемлекет басшысы саммиттің пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде қақтығыстардың көбеюі, санкция және сауда соғыстарының өршуі жағдайында халықаралық саясат шиеленістің шегіне жетіп отырғанын атап өтті.***

– Біз бүгінгі «Азия-Еуропа» форумының саммитін осы проблемаларды шешу үшін пайдалануымыз қажет. Өкінішке қарай, қазіргі кезде әлем табысты диалог пен өзара түсіністікке қол жеткізе алмай келеді. Бәріміз өткен ғасырдың 60-жылдарындағы Кариб дағдарысын еске салатын бүгінгі экономикалық және саяси текетірестерге куә болып отырмыз, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев бұл саммит АҚШ, Ресей, Қытай сияқты әлемнің ірі елдерін, Еуропа Одағын халықаралық шиеленістерді шешудің жолын іздеуге шақыруы қажет екенін айтты.

– Егер Сириядағы, Украинадағы және өзге де елдердегі проблемаларды реттемесек, ахуал одан да күрделене түседі. Баллистикалық ракеталардың таралу қаупі сейілмейінше, халықаралық терроризм басты мәселе болып қала бермек, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті әлемдік экономикадағы жағдайдың күрделене түсуіне байланысты кейбір кедей мемлекеттердің ахуалы одан әрі қиындайтынын айтып, адамзат үшін оның елеулі қауіп-қатер саналатынын атап өтті.

– Мемлекеттер көшбасшылары Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін де, терроризмге қарсы күресте де өзара тіл табыса білді. Сондықтан, мен АҚШ, Ресей, Қытай елдерінің, сондай-ақ Еуропа Одағының басшыларын диалогқа шақырып, өзекті проблемаларды талқылау үшін Астана алаңын пайдалануды ұсынамын. Бұл мәселе БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы сессиясында да қарастырылуы мүмкін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Соңында Мемлекет басшысы Қазақстанның Азия мен Еуропадағы жаһандық сын-тегеуріндерге қарсы тұруға бағытталған серіктестікке белсенді атсалысуға дайын екеніндігіне тоқталды.

**www.akorda.kz**

## Құрметті әлеуметтік қорғау жүйесінің қызметкерлері!

**Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - әлеуметтік қорғау жүйесінің қызметкерлері күнімен құттықтаймыз!**

**Ел тұрғындарын әлеуметтік қорғау - мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Елімізде жалғызбасты қарттарды, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды, мүгедектерді, көп балалы жанұяларды әлеуметтік қолдау шаралары іс жүзінде жүзеге асып, нақты көмек түрінде көрініс табуда.**

**Әлеуметтік қызмет көрсету саласында көптеген бағыттар бар, бірақ олардың барлығы бір мақсатты – әлеуметтік-құқықтық қорғауды қажет ететін адамдарға қамқорлық жасауды көздейді. Бұл ретте, сіздер бір адамға көмектесе отырып, біздің ауданның әрбір тұрғыны әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік кепілдікке қол жеткізе алатындығын көрсетіп, жалпы мемлекеттік міндетті атқарасыздар.**

**Сіздердің білікті қызметтеріңіз, барлық мұқтаждарға көмек көрсетуге асығатын ықыластарыңыз үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Сіздерге зор денсаулық, шыдамдылық және еңбекте үлкен табыс тілейміз.**

**Ш.МАМАЛИНОВ,**
**аудан әкімі**

**А.ӘЛИ,**
**аудандық мәслихат хатшысы**

## Уважаемые работники системы социальной защиты!

**Поздравляем вас с профессиональным праздником - Днем работников системы социальной защиты!**

**Социальная защита населения является одним из важных направлений государственной политики. В нашей стране реализуется действенная система мер социальной поддержки пожилых, малообеспеченных граждан, инвалидов, семей с детьми.**

**Ваша деятельность имеет много направлений, но все они объединены одной целью – заботой о людях, которым нужна социально-правовая защита. При этом, помогая одному конкретному человеку, вы решаете общегосударственную задачу – чтобы каждый житель нашего района имел доступ к социальной справедливости и социальным гарантиям.**

**Примите искренние слова благодарности за ваш труд, профессионализм, умение и желание прийти на помощь всем нуждающимся. Желаем вам крепкого здоровья, терпения и больших успехов в вашем труде.**

**Ш.МАМАЛИНОВ,**
**аким района**

**А.ӘЛИ,**
**секретарь районного маслихата**

## Құрметті әлеуметтік қызмет көрсету саласының қызметкерлері!

**Сіздерді қазанның соңғы жексенбісімен келетін кәсіби мейрамдырыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!**

**Сіздер қоғамымыздың қамқорлықты қажет ететін азаматтарына қол ұшын бере отырып, тұрмыс-жағдайларын жақсартуға үлес қосып келесіздер. Күнделікті жұмыстарыңызда сіздер мүмкіндігі шектеулі жандарға, жалғызбасты қарияларға көмек көрсетіп, қолдау таныта сыздар.**

**Осынау ауыр да жауапкершілігі мол еңбектеріңізде табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін.**

**Т.АРБАБАЕВ,**
**аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы**

## Депутаты выполнили задачу

***25 октября депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан Серик Жуманалиевич Сапиев и Ирина Сергеевна Унжакова побывали в нашем районе с разъяснением Послания Президента РК народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни». В поездке депутатов Мажилиса сопровождали аким района Ш.Мамалинов и заместитель акима района А.Акпанова. Представители депутатского корпуса встретились с коллективами АО «Корпорация Казахмыс Нурказган», КГУ «Ростовская опорная школа (ресурсный центр)» и ТОО «Карагандинская сельскохозяйственная опытная станция имени А.Ф.Христенко».***

- Мы приехали рассказать вам, почему в Послании Президента обозначены именно те приоритеты, которые назвал Президент, почему именно этими вопросами нужно заниматься в первую очередь, - так депутаты определили направление беседы в трех коллективах. И начали с самого главного – ценности человеческого капитала.

Люди стали главным фактором развития страны, показателем ее конкурентоспособности. Поэтому в Послании Президента здоровье человека названо одним из самых важных приоритетов. Состояние здоровья – результат образа жизни, который мы ведем, а медицина, с которой мы чаще всего связываем состояние своего здоровья, занимается болезнями.

- В здравоохранении будет введен электронный паспорт здоровья человека, в котором последовательно отмечены все заболевания и виды лечения, - говорит И.С.Унжакова, - это позволит врачу иметь полную картину заболевания и лечения и продолжать его при необходимости. Внедряется система дополнительной оплаты врачам. Больше будет получать врач, к которому обратилось больше пациентов. Это будет стимулировать медицинских работников повышать свою квалификацию, соответствовать современному уровню практической медицины.

Депутат обращает внимание слушателей на скорость, с которой развиваются технологии, науки, меняется мир. Невозможно быть настоящим профессионалом в любой сфере деятельности, не обновляя своих знаний. Это важнейшее требование сегодняшнего дня и именно эта мысль проходит красной нитью через все Послание Президента РК – Нужно учиться. Нужно соответствовать международному опыту, стандартам. Нужно идти в ногу со временем.

**(Окончание на 4 стр.).**

## Уважаемые читатели!

**Подписку на районную газету «Бұқар жырау жаршысы» можно оформить во всех отделениях почтовой связи АО «Казпочта».**

**<u>Подписная цена на 1 месяц 2018 года составляет:</u>**

**- для физических лиц 163,92 тенге; индекс 65623;**

**- для юридических лиц 313,02 тенге; индекс 15623.**

ТОО «Универсалстрой»

•ОКНА•ДВЕРИ •ОТКОСЫ

Морозоустойчивый профиль

ПОДАРКИ

ОКНО В КОМПЛЕКТЕ:

При 100% оплате скидка 5%
Пенсионерам скидка 10%
Кредит, рассрочка без %

Профиль Exprof (Россия-Германия)
5-камерный, 70мм
3-камерный, 60мм

Цены для дилеров от 22800 тг.

ПЛИТЫ ТРОТУАРНЫЕ

«Шестигранник» «Прямоугольник» «Клевер» «Толстушка» «Рваный блок, кирпич»

ПЕНОБЕТОННЫЕ, ПЕРЕГОРОДОЧНЫЕ БЛОКИ, ШЛАКОБЛОКИ

Камень стеновой пустотелый СКЦ-1

Камень стеновой с фаской 30 мм.

Камень бордюрный БК-5, дорожный, тротуарный бордюр

ОБЛИЦОВОЧНЫЕ КАМНИ

КРАСИТЕЛЬ ДЛЯ ПЛИТКИ
ОБРЕЗЬ МИНВАТЫ
ДЛЯ УТЕПЛЕНИЯ КРЫШ

ПРОФИЛЬ 60*27, 27*28 для ГИПСОКАРТОНА
АРМИРУЮЩИЙ для окон
ПРОФЛИСТ С16, С21

КРЕДИТ СКИДКИ

г. Караганда, Бульвар Мира, 16, бизнес-центр «Деловой Дом», оф. №100. Тел.: 8(7212) 56-79-18, 8-702-217-95-62, 8-700-313-19-67.
г.Темиртау 6-й мкр., д. 11, магазин Руслан (вход со двора)
Тел.: 8(7213) 93-08-26, 95-84-64, 8-701-801-43-81
Прайс на сайте www.ustroy.kz

Темиртауский ЭЛЕВАТОР
вновь оказывает услуги:
ХРАНЕНИЕ, ОЧИСТКА, ПРИЁМКА И ОТГРУЗКА
ПШЕНИЦА, ЯЧМЕНЬ, ОВЕС
8-7212-47-90-18
8-705-160-01-74

**Натяжные потолки**

**Любой сложности и конфигурации. Множество цветов и фактур, двухуровневые и комбинированные, фотопечать на потолках. Установка гардин, софитов, подсветок.**

**Также установим межкомнатные двери и пластиковые откосы. Замер и консультация бесплатно.**

**Обращаться по тел.: 8-775-337-69-75 (WhatsApp), 8-777-574-81-62.**

№757

***Мы открылись!***

**В п.Ботакара по ул.Б.Момышулы (напротив маг.Казахстан) производим прием платежей сотовых операторов, услуги маникюра, гель покрытие, мужская, детская, женская одежда, обувь.**

**Будем рады вас видеть.**

№786

**Продается недвижимость**

Продаются благоустроенные полдома с.Ботакара (птицефабрика), ул.Таттимбета7/1. Имеется: сараи, загоны для скота, действующая баня, огород, рассадник, гараж с мебелью, с углем 2 машины. **Тел.:** 27-8-57, 87752813879 Козлову Григорию Михайловичу.

№745

* * *

Продается отдельно стоящий 4-х комнатный дом в с.Акбел, ул. Джамбула, 43. Имеется большой земельный участок, сарай, баня, гараж, большой двор. Дом теплый. Торг уместен. **Тел.:** 22-0-89, 8-777-050-06-08, 8-701-428-36-09.

№746

* * *

Продается дом в п.Ботакара, ул. Сатпаева, 14. В доме имеется паровое отопление, водопровод, канализация, хоз.постройки, гараж, большой участок земли, 3-х фазка.

**Обращаться по тел.:** 8-778-628-81-76

№751

* * *

Продам 1-комнатную квартиру в г.Караганда, по ул.Лободы, дом 4. Цена договорная.

**Обращаться по телефону:** 87053109370.

№779

* * *

Продается дом в п.Ботакара, ул. Курмангазы, 6.

**Обращаться по тел.:** 21412 (в любое время).

т/н

**Разное**

Сдаю дом под съем жилья.

**Обращаться по телефону:** 87054488589.

№780

* * *

Продам трактор «Т-16М». Состояние идеальное. В комплекте стогомет косилка, грабли. Капитальный большой железный гараж. Цена договорная.

**Обращаться по телефону:** 87053109370, 55656 (Белағаш).

№778

* * *

Продается трактор ЮМЗ-6 «Петушок». Состояние хорошее.

**Обращаться по тел.:** 87771096287, 87712735205.

№754

* * *

Продается телочка (9 месяцев), задний мост на трактор ЮМЗ.

**Обращаться по тел.:** 87013626343.

№792

* * *

Продам недорого газовую плиту (3-х конфорная), стиральную машину полуавтомат, стенку-горку, ручной сепаратор.

**Обращаться по тел.:** 21186 (звонить после 19.00), 87753021848, 87761737093.

т/н

**Открыто наследственное дело**

После смерти Шайкенова Талгатбека Кабжановича, умершего 28 апреля 2018 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Кунуспековой Марал Амангельдиевне (лицензия №0000454 от 10.05.2006 года) по адресу п.Ботакара, ул.Казыбек би, 49 Б (здание ЦОНа), рабочий телефон: 2-22-26.

№788

* * *

После смерти Утегеновой Калимы, умершей 5 января 2003 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Кунуспековой Марал Амангельдиевне (лицензия №0000454 от 10.05.2006 года) по адресу п.Ботакара, ул.Казыбек би, 49 Б (здание ЦОНа), рабочий телефон: 2-22-26.

№791

* * *

После смерти Айтбаева Аспандияра Аскаровича, умершего 22 апреля 2018 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Кунуспековой Марал Амангельдиевне (лицензия №0000454 от 10.05.2006 года) по адресу п.Ботакара, ул.Казыбек би, 49 Б (здание ЦОНа), рабочий телефон: 2-22-26.

№796

* * *

После смерти Ярославского Петра Михайловича, умершего 20 мая 2018 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Абдулиновой Алие Мендыгалиевне (лицензия №13002789 от 26. 02. 2013 года) по адресу п.Г.Мустафина, ул. Мира, 24, рабочий телефон:31 - 149.

№798

* * *

После смерти Костиной Ирины Васильевны, умершей 24 августа 2018 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Абдулиновой Алие Мендыгалиевне (лицензия №13002789 от 26. 02. 2013 года) по адресу п.Г.Мустафина, ул. Мира, 24, рабочий телефон:31 - 149.

№798

* * *

После смерти Журавлева Михаила Владимировича, умершего 28 сентября 2018 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Кунуспековой Марал Амангельдиевне (лицензия №0000454 от 10.05.2006 года) по адресу п.Ботакара, ул.Казыбек би, 49 Б (здание ЦОНа), рабочий телефон: 2-22-26.

№799

* * *

После смерти Журавлевой Нины Павловны, умершей 18 мая 2018 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Кунуспековой Марал Амангельдиевне (лицензия №0000454 от 10.05.2006 года) по адресу п.Ботакара, ул.Казыбек би, 49 Б (здание ЦОНа), рабочий телефон: 2-22-26.

№799

“Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымының Бұқар жырау аудандық комитеті“ филиалы мен №1 қазақ тірек мектебінің ұжымы Қыздарбекова Бағила Есенқызына әкесі

**Кобдиков**
**Есен Асанұлының**

қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

№801

“Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымының Бұқар жырау аудандық комитеті“ филиалы мен Нұра орта мектебінің ұжымы мектеп директоры Ускембеков Қайрат Қанатұлына әжесі

**Ускембекова**
**Ләзакет Жүнісқызының**

қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

№802

Аудандық ардагерлер кеңесі Ботақара кентінің тұрғыны, еңбек ардагері

**Шахаева**
**Мақпуза Меңдібайқызының**

қайтыс болуына байланысты, марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады

Аудандық ардагерлер кеңесі Ғ.Мұстафин кентінің тұрғыны, көп балалы ана, еңбек ардагері

**Ускембекова**
**Ләзакет Жүнісқызының**

қайтыс болуына байланысты, марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады

## Еске алу



Үлгі ауылының тұрғыны болған аяулы әкеміз, мейірімді атамыз Жақсыбеков Жолдыбай Әміржанұлын мәңгілік сапарға аттанғанына 40 жыл толуына орай еске аламыз. Небәрі 27 жыл өмір кешкен еді. Бірақ ізін жалғар ұрпағы қалды артында. Әкеміздің мәңгілік тұрағы жұмақ болсын.

*Қырық жыл болды өмірден өткеніне,*
*Фәниден бақилыққа кеткеніне.*
*Әкең жоқ енді, ол өлді деген*
*Суық желдің ызғары ескеніне.*
*Жастай кеттің, еш қызық көре алмадың,*
*Бұйрығы солай болды бір Алланың.*
*Бір көруді армандаушы ем бала кезде,*
*Өзіңе қарап, мауқым басу болды арманым.*
*Түсіме жиі ендің жас күнімде,*
*Құлағыма келетін ғажап үнің де.*
*Бұл өмірді қалай қиып кетті деп,*
*Қарай берем суреттегі түріңе.*
*Ойлай бердім өзіңді ес кіргелі,*
*Еркелегім келді, жан дүнием сені іздеді.*
*Еш адамға көрсетпей жылап алып,*
*Жүрегім сағыныштан жүдеп еді.*
*Орындалды бұл күнде бар тілегің,*
*Қалай болады деп мені ойладың, білемін.*
*Немере, шөберелерің өсіп келеді,*
*Әрқайсысы болғандай-ақ тірегің.*
*Әкетайым, мәңгі жас боп қалдың ғой,*
*Туғаныңды көп уайымға салдың ғой.*
*Қуанып жат, аунап жат, иманды бол,*
*Артың жақсы, қуаныш, қызық пен той.*
*Ұрпағыңмен өзіңнің басыңдамын,*
*Суретіңді сипаймын тасыңдағы.*
*Жатқан жерің жарық болсын, жан әке,*
*Қабыл болсын дұғамыз 40 жылдық асыңдағы.*

**Еске алушылар: қызы Айгерім, күйеу баласы Асқар, немерелері Мақпал, Әділхан, Аида, Мадияр, шөбересі Жасмин**

№795

## Әріптес рухына

Әріптесіміздің беймезгіл дүниеден озуы барлығымыздың да қабырғамызды қайыстырып кетті. Күні кеше ғана ортамызда жүрген әріптесімізден айырылып қаламыз деп кім ойлапты?! «Дүние-жалған» деген осы екен-ау…

Маженова Гүлжан Айдарханқызы 1944 жылы Талдықорған облысы, Алакөл ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Алматы қаласындағы зооветеринарлық институтының ветеринария факультетіне түсіп, 1966 жылы оны бітірді. Алғашқы еңбек жолын Қарқаралы қаласының зооветтехникумында ветеринария пәні бойынша мұғалім болып бастаған. 1969-1987 жылдар аралығында Қарқаралы ауданы, Бақты және 1-май совхоздарында ветеринария саласында қызмет атқарған.

1987 жылы бұрынғы Красный Октябрь совхозы, қазіргі Ақөре ауылында бас ветеринариялық дәрігер, 2014 жылдан бастап «Бұқар жырау аудандық ветеринариялық станциясы» КМК-ның Ақөре ауылдық ветеринариялық пункт меңгерушісі-ветеринариялық дәрігер міндетін дүниеден өткен күнге дейін атқарып келді.

Біреуімізге ардақты апай, балаларына мейірімді ана өз өмірінің жартысынан көп бөлігін ветеринария саласына арнады. Өз ісінің шебері, әріптестеріне ақылшы, қамқоршы, ұжым арасында сыйлы да құрметті жан еді.

Маженова Гүлжан Айдарханқызы 75 жасқа толар шағында дүниеден өтті. Отбасына және туған-туысқандарына «Бұқар жырау аудандық ветеринариялық станциясы» КМК басшысы және қызметкерлері орны толмас қайғыға ортақтасып, көңіл айтады.

№803

# Сформирован новый пакет бесплатной медицинской помощи

***В Казахстане сформирован новый пакет гарантированного объема бесплатной медицинской помощи (ГОБМП).***

ГОБМП - равный доступ для всех категорий граждан к первичной медико-санитарной помощи (ПМСП); медицинская помощь в экстренных ситуациях, требующих безотлагательного медицинского вмешательства; диагностика и лечение социально-значимых заболеваний, основных хронических неинфекционных заболеваний, управляемых на уровне ПМСП; острых инфекционных заболеваний, опасных для окружающих.

Оптимизация ГОБМП началась с сокращения перечня заболеваний, подлежащих динамическому наблюдению, перечня социально-значимых заболеваний, а также исключения устаревших методов диагностики и лечения.

Если в настоящее время в Казахстане перечень социально-значимых заболеваний (СЗЗ) включает 13 групп заболеваний, после оптимизации планируется оставить только 4 группы, остальные перевести под динамическое наблюдение. В новом перечне СЗЗ предлагается оставить туберкулез, ВИЧ/СПИД, злокачественные новообразования, психические расстройства и расстройства поведения, то есть, те заболевания, которые неуправляемы на уровне медорганизации первичного уровня.

По стационарной помощи перераспределен поток 20% пациентов на уровень стационарозамещающей помощи. В связи с чем ожидается снижение расходов на стационарную помощь и повышение доступности экономичной стационарозамещающей помощи.

В гарантированном пакете медицинских услуг останутся целевые скрининги, наблюдение беременных и патронаж детей.

Исключены из гарантированного объема медицинское обеспечение массовых мероприятий, судебно-наркологическая экспертиза и судебно-психиатрическая экспертиза.

Система обязательного социального медицинского страхования (ОСМС) для застрахованных граждан гарантирует медицинскую помощь, улучшающую качество жизни каждого человека, а также помощь, закладывающую основу для здоровья будущего поколения.

Застрахованные граждане, помимо гарантированного объема, смогут получить бесплатно дорогостоящие лабораторные и диагностические услуги, такие как КТ и МРТ, широкий доступ к стационарозамещающей медицинской помощи, дорогостоящую плановую стационарную помощь, восстановительное лечение, медицинскую реабилитацию и профилактический осмотр.

Также в системе ОСМС дети до 18 лет, инвалиды, пенсионеры и многодетные матери смогут получить бесплатную стоматологическую помощь.

**Ф.КОПОБАЕВ,**
**директор филиала**
**по Карагандинской**
**области НАО**
**«Фонд социального**
**медицинского**
**страхования»**

# Ботулизм и меры профилактики

***В праздничные дни на наших столах появляются продукты домашнего консервирования (овощные салаты, маринованные помидоры, огурцы, грибы). Но вместе с ними появилась и опасность возникновения такого опасного заболевания как ботулизм.***

Ботулизм — это смертельно опасное инфекционно-токсическое заболевание. Возбудитель этой инфекции — микроб, относящийся к клостридиям. Постоянное место пребывания клостридий ботулизма — кишечник многих животных и почва, куда они попадают с калом и где могут сохраняться долгие годы. Из почвы микроб попадает на пищевые продукты. Без доступа воздуха (в консервированных или плотных, таких как колбаса, продуктах) клостридии ботулизма начинают вырабатывать ботулотоксин — один из сильнейших известных ядов, который в 375 000 раз сильнее яда гремучей змеи. В 95% случаев причиной ботулизма являются консервированные грибы домашнего приготовления. В одной и той же банке ботулотоксин накапливается гнёздами — зараженные участки рассеяны по всему содержимому банки. Поэтому не все люди, употреблявшие консервированные продукты из одной и той же банки, заболевают.

Ботулотоксин вызывает нарушение проведения нервного импульса и паралич мышц во всём организме больного. Болезнь развивается очень быстро — в течение 2-24 часов. Первые симптомы: понос (3-5 раз, без примесей крови), рвота, незначительное повышение температуры, боль в животе. Первыми специфическими проявлениями ботулизма являются нарушения остроты зрения (туман в глазах, плохое различение близлежащих предметов), двоение в глазах, косоглазие (мышцы глаз первыми после кишечника реагируют на ботулотоксин). Затем присоединяется нарушение речи, слабость, сухость во рту, нарушение глотания, изменения голоса и т.д. Температура нормальная или слегка повышена, сознание сохранено. При первых же симптомах подобного рода необходимо срочно вызвать «скорую», так как больному требуется госпитализация. Без лечения у больного прогрессирует мышечная слабость и наступает смерть от паралича дыхательной мускулатуры.

В силу народной специфики, продукты домашнего консервирования часто используются в качестве закуски к крепким спиртным напиткам, на начальном этапе симптомы ботулизма можно принять за признаки тяжёлого алкогольного опьянения. Этот фактор значительно усложняет своевременное выявление заболевания.

Лечение ботулизма проводится только в инфекционной больнице. Специфическим лечением ботулизма является срочное введение противоботулинической сыворотки, нейтрализующей токсин. Иммунитет при ботулизме не развивается, то есть этой болезнью можно болеть неоднократно. Профилактика ботулизма заключается в тщательной термической обработке продуктов питания, строгом соблюдении санитарных норм приготовления, хранения и употребления пищи. Берегите себя и своих близких.

**Г.МАШИРОВА,**
**ведущий специалист**
**районного Управления по защите прав потребителей**

# Правила безопасности при рыбной ловле и охоте с маломерных судов

***Управление маломерным судном без надетых и пристегнутых индивидуальных спасательных средств на лицах, находящихся на маломерном судне или буксируемом плавательном средстве, влечет штраф на физических лиц в размере пяти месячных расчетных показателей.***

Не допускается рыбалка и охота в ночное время.

**Элементарные правила, которые нужно соблюдать при рыбной ловле и охоте с маломерных судов:**

- необходимо иметь при себе аптечку, фонарик, карту местности, средства оповещения о своем местонахождении;
- перед началом рыбной ловли и охоты осмотрите выбранное место;
- не допускается употреблять спиртные напитки и наркотические средства;
- необходимо проверить исправность лодки, оборудовать ее спасательными жилетами и кругом, поясами;
- обязательно наличие в лодке ведра или другой емкости для откачивания воды;
- рыболовные принадлежности и охотничьи снасти складываются в лодке вдоль бортов, вещи (одежда, рюкзак, чемоданчик) располагаются на корме, носу и под сиденьем.

В случае возникновения чрезвычайной ситуации, звоните в службу спасения по номеру «112».

**Отдел по чрезвычайным ситуациям**

# Порядок выдачи ветеринарной справки

***Ветеринарная справка выдается на животное, продукцию и сырье животного происхождения, исходя из наличия ветеринарного паспорта и индивидуального номера животного, результатов ветеринарного осмотра, эпизоотической ситуации на территории соответствующей административно-территориальной единицы, сведений о животных, имеющихся в базе данных по идентификации сельскохозяйственных животных или в выписке из нее, справки о происхождении вылова на перемещаемый (перевозимый) объем, ветеринарного документа (при перемещении объектов ветеринарного (ветеринарно-санитарного) контроля по территории республики, ввезенных из государств-членов Евразийского экономического союза и третьих стран, и оформляется в день обращения заявителя.***

При перемещении объектов ветеринарно-санитарного контроля и надзора по территории Республики Казахстан, ввезенных из государств-членов Евразийского экономического союза и третьих стран (государства, не являющиеся членами Евразийского экономического союза), в ветеринарной справке указываются также сведения о ветеринарном документе, по которому был ввезен на территорию республики объект ветеринарно-санитарного контроля и надзора (дата и номер документа, страна происхождения товара). Сведения о выданных ветеринарных справках при их выдаче, прибытии в пункт назначения вносятся в информационную систему в течение суток со дня выдачи ветеринарной справки, прибытия перемещаемого (перевозимого) объекта в пункт назначения, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ.

Ветеринарная справка, выданная на животное, продукцию и сырье животного происхождения, действительна до пункта назначения, на молоко от животного – в течение месяца с момента выдачи. При изменении эпизоотической ситуации места выхода животного, продукции и сырья животного происхождения ранее выданная ветеринарная справка изымается.

Заявитель, осуществляющий перемещение (перевозку) животного, продукции и сырья животного происхождения, кормов, обращается с заявлением по установленной форме к специалисту в области ветеринарии государственной ветеринарной организации (далее – специалист в области ветеринарии), созданной местными исполнительными органами по месту происхождения животного, продукции и сырья животного происхождения.

На объектах производства, осуществляющих убой животных, переработку и реализацию продукции и сырья животного происхождения, ветеринарная справка на животных, продукцию и сырье животного происхождения выдается ветеринарным врачом подразделения производственного контроля.

При транспортировке рыб и других водных животных (рыба живая, свежая, охлажденная, мороженая, а также раки, гаммарус, артемия салина (цисты)) свыше пяти килограммов необходима справка о происхождении вылова.

При перемещении объектов ветеринарно-санитарного контроля и надзора по территории Республики Казахстан, ввезенных из государств-членов Евразийского экономического союза и третьих стран (государств, не являющиеся членами Евразийского экономического союза), необходима копия ветеринарного документа, по которому был ввезен объект ветеринарно-санитарного контроля и надзора.

Специалист в области ветеринарии, аттестованный ветеринарный врач, после ветеринарного осмотра животного, продукции или сырья животного происхождения, на основе сведений о животном, имеющихся в базе данных по идентификации сельскохозяйственных животных или выписке из нее, ветеринарного паспорта, а также оценки эпизоотической ситуации территории на момент обращения, выдает ветеринарную справку, заверенную подписью и печатью. Ветеринарный врач выдает заявителю в день обращения письменный мотивированный отказ в выдаче ветеринарной справки в случаях:

- установления недостоверности документов, представленных заявителем для получения ветеринарной справки, и (или) данных (сведений), содержащихся в них;
- несоответствие представленных документов, материалов, объектов, данных и сведений, необходимых для получения ветеринарной справки, требованиям, установленным настоящими Правилами;
- в отношении заявителя имеется вступившее в законную силу решение (приговор) суда о запрещении деятельности или отдельных видов деятельности, требующих получения ветеринарной справки;
- в отношении заявителя имеется вступившие в законную силу решения суда, на основании которого заявитель лишен специального права, связанного с получением ветеринарной справки.

Ветеринарная справка на мясо и мясопродукты (субпродукты) выдается при наличии оттиска ветеринарного клейма или штампа.

На кожевенно-меховое сырье ветеринарная справка выдается при наличии ярлыка, где указан индивидуальный номер животного.

Забой скота должен производиться на объектах убоя (убойных пунктах или на убойных площадках) при забое на убойных площадках владельцу необходимо письменно обратиться к ветеринарному врачу округа (выдача ветеринарной справки является государственной услугой), далее ветеринарный врач осматривает животное до убоя и проводит послеубойный осмотр туши и внутренности, после ставит соответствующее клеймо и выдает ветеринарную справку до пункта прохождения ветеринарно-санитарной экспертизы.

**К.АБЕЛЬДИНОВ,**
**и.о.руководителя отдела ветеринарии**



# Воспитание Законом

## Обеспечение прозрачности и эффективности нормотворческого процесса

***Первый Президент Республики Казахстан - Лидер нации Нурсултан Назарбаев в своем Послании «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» говорит о важности цифровизации процессов в государственных органах.***

На сегодняшний день Министерством юстиции Республики Казахстан обеспечено функционирование в интернет-ресурсе информационной-правовой системы «Әділет», эталонного контрольного банка нормативных правовых актов Республики Казахстан в форме электронного документа. В указанных системах имеются сведения обо всех актах, внесенных в государственный реестр нормативных правовых актов Республики Казахстан.

Следующим этапом является автоматизация самого процесса государственной регистрации нормативных правовых актов.

В рамках перехода на безбумажный документооборот Правительством принято постановление «О внесении изменений и дополнений в постановления Правительства Республики Казахстан от 6 октября 2016 года № 568 «Об утверждении Правил оформления, согласования, государственной регистрации нормативных правовых актов и их отмены» и от 6 октября 2016 года № 569 «Об утверждении Правил разработки, согласования проектов нормативных правовых актов».

Данным постановлением предусматривается полный переход к электронной государственной регистрации НПА центральных государственных органов и местных органов государственного управления областного и районного уровней, за исключением актов, издаваемых акимами сельских округов, по которым переход планируется с 1 января 2019 года.

Согласно изменениям в Правила, нормативные правовые акты государственных органов будут направляться в электронном виде посредством интернет-портала государственных органов (далее- ИПГО), за исключением НПА с пометкой «Для служебного пользования», которые представляются на бумажном носителе.

В связи с автоматизацией государственной регистрации сокращаются сроки направления в органы юстиции НПА до трех рабочих дней со дня их утверждения руководителем органа-разработчика.

Для НПА, принимаемых коллегиальными государственными органами, данный срок будет не более семи рабочих дней со дня проведения заседания коллегиального органа, и для совместных либо требующих согласования с заинтересованными госорганами НПА, три рабочих дня со дня подписания либо согласования последним государственным органом.

Юридическая экспертиза НПА будет осуществляться в течение пятнадцати рабочих дней после дня направления по ИПГО полного пакета документов. При этом вводится полномочие органов юстиции по возврату НПА на доработку в течение двух рабочих дней при выявлении устранимых замечаний. Соответственно, в течение семи рабочих дней орган-разработчик должен принять меры по устранению замечаний и повторно направить доработанный НПА.

При повторном поступлении доработанного НПА в течение трех рабочих дней органы юстиции проводят сверку на предмет устранения замечаний.

В случае неустранения выявленных замечаний, орган юстиции правомочен принять решение об отказе в государственной регистрации НПА.

Проблема эффективности нормотворчества является актуальной, так как благодаря хорошим подзаконным актам действие закона в государстве имеет желаемый и полезный результат. Принятые изменения направлены на обеспечение прозрачности и эффективности нормотворческого процесса.

**Управление юстиции района**

## Виртуальный суд - шаг в развитии инновационных технологий

***Инновационные технологии в современной Республике Казахстан отличаются своим развитием. Судебная система не стала исключением, ранее в судах всех инстанций действовала Единая автоматизированная информационно-аналитическая система судебных органов Республики Казахстан (ЕАИАС СО РК). Но судебная система не стоит на месте и в продолжение своего развития и реформирования введена в действие ИС «Төрелік», которая заменила собой ЕАИАС СО РК. Также запущен «Судебный кабинет», благодаря которому можно обращаться в суд и получать судебные документы, не выходя из дома, лишь имея доступ в Интернет и электронно-цифровую подпись. На данный момент появилась мобильная версия «Судебного кабинета», особенно удобная для людей, не находящихся постоянно на одном месте.***

Ежегодный рост численности дел в судах говорит о выборе в пользу судебной системы со стороны физических и юридических лиц в целях защиты своих прав и интересов.

Одним из существенных шагов к прозрачности и гласности судебной системы стало внедрение аудио-видео фиксации судебного процесса, указанного Президентом в «Плане нации - 100 конкретных шагов».

Ведение аудио-видео фиксации судебного заседания закреплено законодательно. Ранее системы фиксации судебных процессов были лишь в судах городов. На сегодняшний день проведена работа по повсеместному внедрению и применению систем аудио-видео фиксации судебных процессов.

Далее в развитии инновационных технологий судебной системы Республики разработан проект Е-Сот или Виртуальный суд. Кроме того, разработано приложение «Мобильная видеоконференцсвязь» (МВКС), посредством которого участники по делу имеют возможность подключения к судебному заседанию с портативного мобильного гаджета, не выезжая из своего населенного пункта. Особенно данное новшество актуально для отдаленных поселков и сельских округов.

Для проведения МВКС необходимо стороне по делу скачать программу TrueConfc 4к из приложения PlayМаркет, App-Store или другого приложения и установить на телефон. После чего при входе в приложение TrueConf необходимо произвести следующие действия: «Сменить сервер» и выбрать «Использовать другой сервер» указать Ip адрес: 212.154.160.158:4347, ввести Логин который будет предоставлен сотрудниками обслуживающей компании по телефонному номеру.

Таким образом, произведенные действия для стороны по делу окажут большую помощь в экономии времени, средств по сравнению с поездками из одного населенного пункта в другой.

**А.КЫЛЫШЕВ,**
**руководитель канцелярии районного суда**

## «Меншік құқығы» индикаторы

***Дамыған мемлекеттер үшін Дүниежүзілік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттілік индексі маңызды болып табылады. Қазақстанда Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде меншік құқығы – индикаторлардың бірі болып белгіленген.***

Яғни меншік құқығы – субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы. Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық жүктемелерімен басқа адамға беріледі. Атап айтсақ, меншік иесінің өз мүлкін иелену құқығы, пайдалану құқығы және оған билік ету құқығы болады. Меншік құқығының мерзімі шексіз. Ал меншік құқығы индикаторы - жеке және заңды тұлғалардың меншік құқығын қорғау, кепіл болу, меншік құқықтарды бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту мәселелерін қамтиды.

Елімізде «Меншік құқығы» индикаторын жоғары көрсеткішке жеткізу үшін қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер енгізу жолымен тіркеу тәртіптерін жеңілдету, мемлекеттік қызмет көрсетуге бағытталған оңтайландыру жұмыстарын жүргізу, әкімшілік тосқауылдарды төмендету керек.

**Бұқар жырау ауданының әділет басқармасы**

## Зияткерлік меншік

***Зияткерлік меншік – азаматтық мүліктік құқықтар нысаны, жеке немесе ұжымдық зияткерлік еңбектің нәтижелеріне айрықша меншік. Зияткерлік меншік – материалдық емес игілікке жатады. Ол біреудің меншігіне берілмейді және тек құқық иесінің келісімімен ғана пайдаланылады.***

Зияткерлік меншік нысандарына - өнертабысқа, жаңалыққа, оңтайландырма ұсыныстарға, селекциялық жетістіктерге, пайдалы үлгілемелерге, өнеркәсіптік үлгілерге т.б. берілген патенттерден туындайтын құқықтар, ғылым, әдебиет, өнер туындыларын жасаушы ақыл-ой адамдарының кітаптар, спектакльдер, опералар, музыкалық туындылар, сызбалар, тәмсілдер, формулалар, т.б. түріндегі зияткерлік жұмысының жемісі болып табылатын шығармашылық қызметтің нәтижелеріне авторлық құқықтар, фонограммалар жасаумен, орындаушылықпен, телерадиоэфир арқылы хабарлар беру, клиптермен, т.б. байланысты сабақтас құқықтар, заңды тұлғаларды және олардың өнімдерін дараландыру құралдарына (фирмалық атаулар, логотиптер, тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілері, тауарлардың шыққан жерлерінің атауы) құқықтар, ғылымизерттеу және тәжірибеліккон структорлық жұмыстардан туындайтын құқықтар, ноу-хауға берілген құқықтар, зияткерлік меншіктің дәстүрлі емес нысандарына (қызмет бабындағы құпия мен коммерциялық құпия, оны әзірлеу мен қорғау женіндегі құжаттар, ішкі фирмалық нұсқаулар, ережелер, т.б.) құқықтар жатады.

Заңдарда белгіленген тәртіппен рәсімделген және материалдық тұлғаға көшірілген зияткерлік меншік нысандарының бәрі нарықтық тауар айналымында пайдаланылады және материалдық емес құндылықтар түрінде есепке алынады.

Материалдық емес құндылықтар туралы мәмілелер нәтижесінде алынған табысқа жалпы белгіленген тәртіппен салық салынады.

**А.САБЫРБАЕВА,**
**Бұқар жырау ауданы әділет басқармасының бас маманы**

# Бұқартану - өлкетану

***Айнала алмай ат өлсін,***
***Айыра алмай жат өлсін.***
***Жат бойынан түңілсін,***
***Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз.***

***Әдетте, осынау шумақтарды көпшілігіміз жиі қолдануға тырысамыз. Неге екенін айтпаса да түсінікті болар.***

Достық, бауырластық, туыстық, бір-бірімізге деген құрмет. Сондай-ақ өткенге деген құрмет. Бұл - енді бүгінгі өскелең ұрпақтың ең қасиетті борышы дер едік.

Аудан төңірегі әлі де ашылмаған құпия сырларға толы десек артық кетпеспіз. Өлкетануға байланысты әлі де талай ашылмаған көмбелер жетіп артылады-ау.

Биыл Бұқар баба тойы тойланды. Қыруар іс істелді. Ел күә, жұрт хабардар. Дақпырты біраз аймақты шарпыды. Маңдағы ел баба басына барып зиярат етуді жиілетті. Солардың бірсыпырасына куә болдық. Енді бірін баяндайық.

Ел, жер тарихына байланысты біраз кітап шығарып, ауданға қыруар қол созған тарихшы профессор Т.Аршабеков деген азаматпен сәлеміміз түзу. Жуырда Темкең телефон шалды. Бақсақ, Қарағандыдағы бір мектеп оқушылары, ұстаздары баба басына бармақ екен. Соған жолбасшы болуды өтінді. Қуана келістік.

Сонымен, Бұқар жырау кесенесіне келдік. Оқушылар, ұстаздар бар.

Бұл кісілердің "Рухани жаңғыру" бағдарламасы бойынша өлкетану бағытын қолдап, киелі жерлерді көріп, танысу екен мақсаты. Соның алғашқысы Бұқар баба кесенесі болып белгіленіпті.

Алдымен кесене ішіне кіріп, дұға оқыдық. Шырақшы Саябек деген азамат ысылып-ақ қалған екен. Жырау жәдігерін, кесене тарихын бәріне жеткізе тәптіштеп берді.

Шәкірттер түскі асын ішіп, біраз дамылдап алған соң, өз өнерлерін ортаға салды. Жырау өмірін, жырларын білгендерінше айтып берді.

Далба тауының табиғатына үңілді, мұражайды тамашалады. Бәрі рет-ретімен, ықтияттылығымен әдіптелген екен. Шама келгенше осынау өлке, баба мұрасы жайлы білгенімізді жайып салдық. Әнмен әспеттедік, күймен көркемдедік.

Бұл оқушы, ұстаз қауымы - қаладағы №36 орта мектебінің 8-сыныбы, жетекшісі Зәркеева Думан атты әдебиетші қарындасымыз. Бұларға бас-көз болып келген мектеп тәрбие ісінің меңгерушісіс Тәттімбетова Ұлпан атты ұстаз.

Өлкетану бағытына байланысты шәкірттерімен осындай киелі мекендерге сапарлап, туған өлкенің керемет ғұламалары мен табиғи тамаша жерлердің ғажайыбын көзбен көріп, көкейге түймек. Тәртіпті, тәрбиелі шәкірттердің "туған жерге туың тік" деген қағидасын ұран қылғанын құптадық.

Бұқар баба шығармашылығына үңілген осынау топпен болған сапарымыз екі жаққа өте тиімді болғанын бағамдадық. Жүргізуші Дулат атты азаматтың да көзіқарақты, өнерпаз жан екеніне тамсандық.

Рухани әлемнің "Көмекей әулиесі" атанған Бұқар жырау есімі әлі де талай жандардың көкірек көзіне сәуле құя берерiне сеніп қайттық бұл сапардан.

"Өлімнің хатты өлмейді" -деп өзі айтпап па еді бір кезде.

**Қ.ШЫНЫБЕКТЕГІ,**
**Бұқартанушы**

# Мемлекеттік тіл – бүгіні мен болашағы

***Мемлекеттік тіл – еліміздің тұтастығы мен бірлігінің ең басты белгісі. Кең байтақ, дархан еліміз бүгінгі таңда 130 ұлттың басын біріктіріп, қазақ жерінде тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Тіліміз бен дініміз бөлек болса да, тілегіміз бір екенін әр уақытта дәлелдеп келеміз.***

«Тәрбие басы - тілден» деп М.Қашқари айтқандай, әр перзентке тілге деген құрмет, елге деген парыз бесікте жатқанында-ақ берілуі керек. 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғаннан бері, отыз жыл уақыт болды. Бірақ, осыншама уақыт өтсе де, тіл мәселесі қоғамда жиі айтылатын тақырыптың бірі. Қазақ тілінің болашағына күмәнмен қарайтындар әлі де болса баршылық, себебі ана тіліміз өз дәрежесінде дәріптелмей жатқаны шындық.

Үш тұғырлы тіл туралы идея балабақшадан бастау алып жатыр. Себебі, бұл - заман талабы. Бүгінгі таңда кең тараған ағылшын тілін білу ең негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Үш тұғырлы тіл - бәсекеге қабілетті ұлт болудың бірінші сатысы. Десек те, ана тіліміз көлеңкеде қалып қоймас үшін, жас ұрпаққа Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екенін ұғындыруымыз керек.

Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,
Ана тілін білмеу қандай заңдылық.
Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда,

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік,-деп шырылдаған Шынболат Ділдебаевтың әрбір сөзі санамызда жаңғырып тұрғаны абзал.

Жүректерінде жігері мен жалыны, намысы мен рухы бар қылықты қыздарымыз бен ұлықты ұлдарымыз барда қазақ тілінің болашағы жарқын болатынына сенемін. Жалпы қазақ елінің шарапаты мен шапағатына бөленіп, көк аспанның астында бақытты ғұмыр кешіп жатқан барша ұлт қазақ тілін білуге міндетті.

**Ардақ ӘЛЖАН,**
**Шешенқара**
**орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі**

# Өзің жайлы толғанамын, ана тілім

***Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі 15 ғасырдағы қазақ хандығы тұсында әбден қалыптасып болған еді. Ол 1989 жылдан бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәртебесіне ие болды.***

Қазақ тілі осы мемлекеттің түпкілікті тұрғындары қазақтардан басқа Қытай Халық Республикасы, Моңғолия, Иран, Ауғанстан, Түркия мемлекеттері мен ТМД-ның Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан сияқты республикаларында тұратын қазақтардың да ана тілі. Қазақ тілі батыс түркі тілінің қыпшақ тармағына жатады. Бұл тармаққа кіретін тілдер қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қырғыз, Қырым татары, карашай, балқар, құмық және тағы басқа тілдері.

Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Қазақ тілінің байлығы, көркемдігі ауыз әдебиетімізден, 15-18 ғасырлардағы жыраулар поэзиясынан, Мұрат толғауларынан бастап байқалды. Тіліміздің жаңа көркемдік деңгейге жетуіне ұлы Абай үлес қосты. Қазақ тілінің көркемдік байлығын арттыруға М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, Қ.Мырзалиев, С.Мұратбеков, М.Мағауин, М.Шаханов сынды қаламгерлердің еңбектері ерекше. Тіліміздің көп қырлылығы мен икемділігі баспасөз тілінен, ғылыми, іскери стильдерден анық байқалады.

Тіл - әрбір ұлттың тарихы, мінезі, болмысы, кәсібі, дүниетанымы, ойлау қабілеті сақталатын асыл қазына. Ол ата-анадан балаға мирас болып қалған баға жетпес мұра. Сондықтан әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауы, оның орнысыз шұбарлануына қандай жағдайда да жол бермеуі керек

**Арайлым СӘРСЕМБАЕВА,**
**Көкпекті ауылдық модельді кітапханасының оқырманы**

# Ән - көңілдің ажары

***Халқымыз қашанннан өнер, ән-жыр десе ішкен асын жерге қойған ел ғой. «Сонау Жезқазғаннан Ақан сері мен Біржан салдың сарқыттары - ҚР-ның еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин шәкірттерімен концерт қояды екен» деген хабар ауыл ішіне лезде тарап кетті. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей, ауылдың үлкен-кішісі түгелдей Мәдениет үйіне қарай ағылды. Көк жәшіккке телміріп, үнді, түрік киносының басыбайлы жанкүйері болып алған тұрғындарға «әншілер келе жатыр» деген хабар аспаннан шұға жауғандай әсер етті.***

Сән-салтанаты жарасқан әншілер сахнаға шыққан сәттен ерекше мәдениет, шынайы көңіл-күймен көрермені бірден баурап алды. Халықаралық конкурстардың лауреаты Несіпбаева Перизаттың, «Жұлдыз» конкурсының Бас жүлде иегері Сағындықов Асхаттың, Берік Арыстандардың шырқаған әндерінің әсерлі болғаны соншалық, тыңдармандар сахнаға шығып, әуезді әннің ырғағымен билеп кеткендерін білмей де қалды. Кішкентай бүлдіршіндер де киелі сахна төрінде өздерін жұлдыз санап, жүздері бал-бұл жанып, әнші аға-апаларымен суретке түсіп, мәз-мейрам болысты. Ғалым ағаның шырқаған әнінің әуезділігі өз алдына бір төбе.

- Қазіргі кезде домбыраммен ән айтқанды халық соншалық қажетсіне бермейді, ата-баба мұрасы өшпесе екен деп жүрген жанның бірімін,- деп ағынан жарылды.

Қасиетті қара домбырамен әуелете шырқалған ән мен күмбірлеген күйдің тылсым үнін тыңдаудың өзі бір ғанибет емес пе?! Көрермендер Ғалым ағамен қосыла ән шырқап, астық шақтың ауылына бір барып қайтты. Республикалық конкурстардың лауреаты Лаура Отызбаева қобызбен шыққан сәтте көрермендер ерекше толқыды. Күй тілі - көркем де тылсым тіл. Сыбырмен сөйлеп, күбірлеп үн қатады. Күй тілі күмбірге толы. Күмбір болғанда да күміс күмбір, алтын сыңғыр. Қобызбен қоса ырғала билеген Лаура пернелерге жан бітіріп, халықты күйдің тылсым әлемімен таңдандырды,тамсандырды. Әдемілікке, үйлесімділікке тәнті болдық.

Қайран қазақ, қарапайым домбыра мен қобызға тіл бітіргенде, ұсақтық пен ұлылықтың, тайыздық пен тереңдіктің,таршылық пен кеңдіктің, жамандық пен жақсылықтың, арамдық пен адалдықтың, тіпті, мына өмірдің жалғандығының паркын да пайымдаған сияқты.

Көрерменің құрметтей білу - өнер, әншілеріміздің елді құрметтеуі де ерекше болды. Халық көзі - таразы, барлығын елеп-екшеп, өзіндік бағаларын беріп жатады. Қанша адам болса, сонша пікір.Т.Қалмағамбетов атындағы филормония ұжымына халық өз бағасын берді. Дәстүрлі әнді ел ішінде насихаттап жүрген Ғалым аға мен шәкірттеріне «өнерде жолдары сара, өздері дара болсын» деп, рахметімізді айттық.

**Рауза НҰРЖІГІТОВА,**
**Ақбел ауылы**

# Алғысымыз шексіз

***2015-2018 жылдар аралығында Көкпекті орта мектебіндегі бастауыш сыныптар арасында «Біздің айналамыздағы математика» жобасы іске асырылып келеді. Әрине, біз осы арада 4 "а" сыныбы оқушыларының ата-аналары мектеп басшысы Гаухартас Жаймина және өз ісінің маманы, бастауыш сынып мұғалімі Ардақ Калижановаға ерекше алғысымызды білдіреміз.***

Біз, бастауыш сыныптың ата-аналары облыстық семинарға қатысып, өз үлесімізді қосқанымызға өте қуаныштымыз. Облыстық семинарда логикамен ойланып шығаратын есептер берілді. Оқушылар өздерінің қолдан жасаған дүниелерін көрсетті. 4 «а» сыныбының оқушылары мектептің штаттан тыс тілші болып келген қонақтарға өз сұрақтарын қойып жатты. Осы семинарға ата-аналар да ат салысып, қойылған сұрақтарына жауап беріп, жақсы әсерде болдық. Атап айтатын болсақ, Сағыныштың әжесі, Расул, Мерейлім, Ернұр мен Айдананың аналары ата-аналар арасында өткен коучингке белсене қатысты.

Қорытындылап келгенде, математика өмірде өте қажет, қандай жұмыс жасасақ та, «жеті рет өлшеп, бір рет кесіп», ойланып жасау керек екендігін ата-ана да, оқушылар да жақсы түсіндік.

**Гүлнар ЕСЕНБЕРЛИНА,**
**ата-аналар комитетінің төрайымы,**
**Көкпекті ауылы**

*Хаттар сөйлегенде...*

# Адамгершілік - адамның асыл қасиеті

***Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу, баланың жеке тұлғалық қабілетін қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндеттеріне және өз басына жауапкершілігін қалыптастыру болып табылады. Адамның адамгершілік, саналылық дәрежесі оның тәртібі мен іс-әрекетін анықтайтыны әлдеқашан дәлелденген.***

«Тәрбиесіз адам адамгершілік жағынан надан, дүмше, - деп жазды В.А. Сухомлинский, - бұл да бір, ақаулы двигательмен ұшырылған самолет те бір, өзі өледі, өзгені де ала кетеді». Адамгершілікке тәрбиелеу баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндеттеріне және өз басына қатынасын қалыптастыруды көздейді. Адамның бойынан адамгершілік қасиеттер табылса, әрине сымбатты, парасатты көрінеді. Адамгершілік - адамның асыл қасиеті. Жүсіп Баласағұн адамгершілік пен инабаттылықтың төрт қасиетін 6600 тармақтан, 72 тараудан тұратын «Құтты білік» дастанында көрсетіп берді. Шығыстың ұлы ғалымы Әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» деген екен.

Адамгершілік бастауы неде?

Адам тумысынан жамандыққа үйір емес.

Ол жылдар өте келе өніп шығады. Жақсылық өнімнің шыққаны немесе оны жамандықтың арам шөптері басып кеткені сонда ғана белгілі болады. Ізеттілік пен сыпайылық сияқты адамгершілік түрлері отбасынан басталады. Отбасындағы тәрбиені адам өз өмірінің алтын бесігі - мектеп қабырғасында жалғастырып, өмір заңдылықтарын үйренеді. Мектепте халқымыздың әдептілік, әдемілік, имандылық, қайырымдылық, яғни рухани адамгершілік тағылымдарын – еліміздің дәстүрін ата-ана мен ұстаз тағылымдарын өз білімдерімізбен жалғастырамыз.

Следует отметить и проблему отсутствия культуры отдыха у значительного большинства казахстанцев, не привыкших выделять средства на туристские услуги. Не мешает поменять свои привычки и образ мышления, пересмотреть приоритетность своих потребностей, больше уделять внимания восстановлению здоровья, культурному отдыху с семьей, коллективом, ведь именно значение психологического расслабления в современное стрессовое время сложно переоценить. Немаловажное значение имеет повышение уровня общей культуры наших граждан: бережно относиться к имеющимся ценностям, дорожить и приумножать ресурсы, бороться с вредными привычками собственными и окружающих, воспитывать в молодом поколении достоинство и уважение к своей стране и своими народу. Сложившаяся ситуация требует принятия срочных мер со стороны всех заинтересованных сторон (государственных структур, частного бизнеса, туристских организаций). Необходима разработка стратегии формирования лояльности клиентов: формирование туристских предложений в соответствии с интересами и запросами различных сегментов; ужесточение требований к предоставляемым услугам и ценовой политике; активного расширения информационного обеспечения о стране, ее истории и развитии, культурных ценностях, сегодняшних возможностей через все существующие каналы: средства массовой информации, Интернет, социальные сети, публикации.

Стоит помнить и о значительном потенциале внутреннего туризма в вопросе формирования национальной идентичности. Может, региональным властям стоит задуматься о проведении значительных событийных мероприятий для населения, способных привлечь большое число туристов из других регионов, воспитывать патриотизм у казахстанцев, особенно молодежи.

Только нашими совместными усилиями мы сможем дать толчок развитию внутреннего туризма. И не будем забывать о том, что сказано в Манильской декларации!

**Айжан ТЛЕУБЕРДИНОВА,**
**заведующая кафедрой маркетинга**
**КарГУ им.Е.А.Букетова**

*Государственные услуги*

# Как выдаются архивные справки?

***Архивное учреждение РК оказывает государственную услугу «Выдача архивных справок» в соответствии с требованиями Стандарта государственной услуги «Выдача архивных справок», утвержденного приказом Министра культуры и спорта РК от 17.04.2015 года № 138.***

В КГУ «Государственный архив Бухар-Жырауского района» поступило и исполнено – 2127 заявлений на выдачу архивных справок в т.ч. через канцелярию услугодателя – 1390, “Государственная корпорация “Правительство для граждан”- 436, веб-портал “электронного правительства” – 289 заявлений.

Согласно п. 3 Стандарта государственной услуги “Выдача архивных справок” прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через:

1) канцелярию услугодателя;
2) некоммерческое акционерное общество “Государственная корпорация “Правительство для граждан”;
3) веб-портал “электронного правительства” www.egov.kz.

Сроки оказания государственной услуги - с момента сдачи документов услугодателю, в Государственную корпорацию, а также при обращении на портал результат оказания государственной услуги выдается в течение 11 (одиннадцати) рабочих дней.

Результат оказания государственной услуги – архивная справка о подтверждении либо ответ об отсутствии следующих сведений социально-правового характера: трудового стажа, размера заработной платы, возраста, состава семьи, образования, награждения, перечисления пенсионных взносов и социальных отчислений, присвоения ученых степеней и званий, несчастного случая, нахождения на излечении или эвакуации, применения репрессий, реабилитации жертв массовых политических репрессий, проживания в зонах экологического бедствия, пребывания в местах лишения свободы, сведений об актах гражданского состояния, о правоустанавливающих и идентификационных документах и (или) заверенные копии или архивные выписки из архивных документов.

Государственная услуга услугополучателя оказывается физическим и юридическим лицам бесплатно.

В случае обращения через портал, услугополучателю в “личный кабинет” направляется статус о принятии запроса на государственную услугу, а также уведомление с указанием даты, времени и места получения результата оказания государственной услуги.

Наиболее удобный вариант получения архивных справок - через ПЭП (портал электронного правительства), не выходя из дома, вы можете подать заявление через личный кабинет на сайте www.egov.kz в соответствующий архив, а так же когда приходит уведомление о том что, ваш ответ готов, вы можете зайти в свой личный кабинет и распечатать.

**А.БАЙЖАНОВА,**
**архивист**
**районного архива**

*Насихаттау жұмыстары жалғасуда*

# Жүректерді тербеген кездесу

***Қазан айының 24-жұлдызында ауданымызға қарасты Ғ.Мұстафин кентінде облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының Қоғамдық келісім Кеңесі төрағасы Б.Алтынбековтың, "Қоғамдық келісім" КММ директоры Е.Құсайынның, аудан әкімінің орынбасары А.Ақпанованың қатысуымен ауылдың белсенді азаматтарымен кездесуі орын алды. Кездесуге аудан әкімінің кеңесшісі Ш.Курбанов, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Жексенбаева, аудандық жастар орталығының басшысы Е.Құрашев, жергілікті қоғамдастық мүшелері, мекемелер мен ұйымдар басшылары қатысты.***

Кездесу басқа шаралардан ерекше, жылы жағдайда өтті. Алдын ала жазылған баяндамалар оқылған жоқ. Әрбір адам өзінің жүрегін жарып шыққан сөздерін айтты. Сонысымен де қатысушылардың естерінде қалды.

Кездесу мақсаты - Қазақстан халқы Ассамблеясының барлық деңгейдегі Қоғамдық келісім кеңестерінің отырыстарында Президенттің бес әлеуметтік бастамасының іске асырылуы барысы, аудандар мен ауылдарда жергілікті бюджеттің тиімді пайдалануын бақылау, ауыл шаруашылығы секторында заманауи технологияларды ілгерілету жұмыстарын, жастардың стартап жобаларының іске асырылуын, сәтті іске асырылған әлеуметтік жобалармен танысу, этномәдени бірлестіктердің жаңа ұсыныстары мен бизнес-жобаларының ұйымдастырылуын бақылау болатын.

Ауыл - әрбір адамның алтын бесігі. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері ауылдардың жағдайы төмендеп, жастар, жас отбасылар қалаға ұлы көшін бастап жіберді. Бүгінгі күні қай ауылға барсаңыз да, бұзылған үйлердің орындарын көріп, көңілің құлазиды.

Мұның бәрін айтып отырған себебіміз - содан бері көп жыл өтті. Өмір барлық адамды өз жолына, соқпағына түсірді. Қалаға кеткендер орнықты, ауылда қалғандар да қиындықтардан сабақ алып, тәжірибе жинақтап, өз кәсібін ашуға білек сыбанды. Алайда, кәсіпкер болу үшін оның алғышарттарын білу керек. Үкіметіміз жастар, орта жастағылар үшін түрлі бағдарламалар, қысқа мерзімді курстар ашты, кәсібіне қатысты заңнамалар аясында жұмыс жасауды, банктерден берілетін несиелер туралы хабардар етті. Нәтижесі - екі қолға бір күрек ұстағандар, жерге дән сіңіргендер, асыл тұқымды мал алып, оны көбейткендер ауылдың көкорай шалғынында еселі еңбек етіп, тер төгіп, кіндік кескен жерінің дамуына үлесін қосты.

Бұл күні республикамызға белгілі меценат Бекзат Алтынбековты тыңдаудың сәті түсті.

Мемлекетіміз үшін үлкен құндылық болып саналатын - отбасының адам өмірінде алатын орынын, аталар мен әжелер тәрбиесінің жетіспеушілігін, ата-аналардың жұмысбастылығы салдарынан баланың зардап шегетінін тілге тиек етіп, ауылдарда, кенттерде аналар, әкелер, әжелер мен аталар кеңестерін құру қажеттігін, шаңырақ шайқалғалы тұрған сәттерде осынау тәжірибелі адамдардың ақылы мен кеңесі жас отбасыны шалыс қадамдарға барудан сақтандыратынын айтты.

Туған жер әрқашан адамды сағындырады. Ауылдың кең жазиралы даласында жүрген тұрғындары өздерінің туған жерін таза ұстауға тырысады. Біреудің ауылын екінші ауылдың адамдары келіп тазалап бермейді, осы тарапта Ғ.Мұстафин кенті үлкендерінің бастамасын жастар қолдап, кент саябағын тазалап, бүгінде ол жер қарттар мен жастардың демалып, серуендеп жүретін орнына айналыпты. Кент тұрғыны Н.Алексеева ауылдың мекемелері мен ұйымдары қызметтері туралы қонақтарға әңгімелеп берді.

Жастар орталығы басшысы Е.Құрашев осы жердегі жастардың бастамашылдығы, мектеп директоры міндетін атқарушы Г.Хомутова, кент тұрғыны Ш.Курбанов бүгінгі ауылдың тіршілігінен хабар берсе, бастысы -Теміртау қаласына апаратын көпір салынатын болса, қаладан қоныс аударатындар болатынын айтқан болатын.

Жалпы, бос отырмау, өзің ауасын жұтып, суын ішіп отырған ауылыңды дамыту ауыл тұрғындарына ғана қажет емес екеніне де көзіміз жетіп отыр. Биылғы жылы "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында ауданымыз бойынша көптеген көңілге қонымды жұмыстар орын алды. Республикамыздың түкпір-түкпірінде қызметте жүрген, ауылда туып-өскен жастар ауылының кемшін тұрған жерлеріне назар аударып, соның нәтижесінде біршама жұмыстар - зираттарды қоршау, ауыл ішін тазалау, мешіттер салу сынды жұмыстар атқарылды. Әрине, ауылдан ұшқан азамат өз ауылының көркем, таза болуын қалайды. Осы кент тұрғындарының да тұрған жерлеріне деген сүйіспеншілігі әңгіме барысында көрініс тапты.

Бұл кентте түрлі ұлттар мен ұлыстар тұрады. Барлығы бір мақсатта жұмылып, кенттің жағдайының ілгерілеуіне бір жеңнен қол шығарып, жұмыла еңбек етеді. Н.Алексеева өз сөзінде кенттің балаларының күні тартымды бағдарламаларға - биге, спортқа, белсенділікке толы екенін, сондықтан олардың басқа нәрселермен айналысуға уақыттары жоқ екенін айтқан болатын. Мектеп, мәдениет үйі, әкімдік, жастар орталығы - бір идеямен тіршілік етіп жатқанына куә болдық осы кездесуден.

Сонымен бірге осы кездесуде медиация туралы да айтылды. Сыйластық, түсіністік бар жерде келіспеушілік те, арыз жазу да болмайтыны, бәрі де дұрыс, оңымен шешілетініне баса назар аударылды.

"Туған жер - тұғырың" дейді дана халқымыз. Байыпты әңгімеде күнделікті өміріміздің барлық қырлары қамтылды, адамның жүрісі мен тұрысы, жұмыс орнындағы мәдениеті, киім кию, сөйлеу мәдениеті, өзге ұлттармен қарым-қатынасы, осының бәрінен шыққан қорытынды - достық, ауызбірлік бар жерде көп жетістіктерге қол жететіні айтылды. Кездесуден қатысушылардың барлығы ризашылық сезіммен тарқады.

А.Ақпанова жиналғандардың атынан қонақтарға алғыс айтты.

**Қ.АХМЕТОВА**

# Сыбайлас жемқорлық - қоғам үшін қауіпті кесел

***Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Қоғам үшін қауіпті кесел болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай қайсысын да қатты алаңдататыны анық.***

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекеттің негізгі басымдылықтарының арасында сыбайлас жемқорлықпен күресті белгіледі. Сыбайлас жемқорлық – адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді.

Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалардың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартумен қатар, демократиялық негіздерді, мемлекеттік басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардардың, басшылары өз өкілеттігі шегінде заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етіп, бақылау жасауға міндетті.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрімен емделетін кесел емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау қоғамға зияны тиіп, тіршілігіне залалын тигізетін, заңға қарама-қайшы келетін істерімен қоғамдағы ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жеке кәсіпкерлердің, елдің болашағы үшін еңбектеніп жатқан азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кеселді болдырмаудың тізгіні қоғамның өз қолында. Бұл дерттің таралып, тамырын тереңге жайып, қоғамды ішінен жегі құрттай жеуіне жол берілмеуі тиіс. Бүгінгі күні қоғамға жалпы дүние жүзіндегі жаңадан дамып келе жатқан, тіпті дамыған мемлекеттерге кері әсерін тигізетін бұл кеселдің жолын кесуге барлығымыз бірдей ат салыссақ қана жеңетініміз анық. Бұл барша азаматтардың, әсіресе, қолында билік тізгіні бар азаматтардың міндеті, сонда ғана еліміздің әрі қарай алға жылжып, гүлденуіне зор үлес қосып, халық сенімінен шығамыз деп айтуға болады.

**Н.ИНТУЕВ,**
**Бұқар жырау ауданының ТЖ бөлімінің бастығы,**
**азаматтық қорғау полковнигі**

# Рухани жаңғыру - қуатты мемлекет құрудың кепілі

***Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат.***

Бұл құжатта Елбасымыз Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Елбасының бұл бағдарламасын барлық ел болып қолдап отырмыз. Рухани жаңғыру бағдарламасының 6 негізгі бағыты бар. Олар: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Бұл аталмыш бағыттардың барлығы болашаққа негізгі қадам болып табылады. Барлық бағыт өзіндік басты мақсаттарға негізделген. Осы бағыттар елімізде орындалып, жүзеге асып жатса, еліміз үшін бұл үлкен жетістік болары сөзсіз. Қазақстанның ең қуатты мемлекет болып қалыптасуына тірек болады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында еліміз халықтық аренада үлкен дәрежеге жетіп, қуатты мемлекет болып қалыптасып келеді. Болашақта Қазақстан дамыған елдердің қатарында ойып тұрып орын алады деген үміттемін. Халқымыз үшін еліміздің бәсекеге қабілетті ел болуы өте маңызды. Өз сөзімді Елбасының мынадай мағыналы сөздерімен аяқтағым келеді: «Екі дәуір түйіскен шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр… Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру халықтың қолында, әсіресе халық үшін еңбек ететін мемлекеттік органдар үшін бұл басты мақсат болып табылады. Сондықтан Бұқар жырау аудандық соты да осы бағдарламаны жүзеге асыруға күш салуда. Аудандық сот қызметкерлері халық үшін, ел болашағы үшін еңбектенуде. Бұл да Рухани жаңғырудың жүзеге асырылып жатқандығының белгісі деп білемін.

Рухани жаңғыру - қазақ халқының дамып, өркендеуіне, біртұтас іргелі ел болып қалыптасып, мемлекеттік тілімізді, әдебиетімізді, ұлттық дәстүрлер мен ұлттық сана-сезімді жаңғыртып, қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді деген ойдамын. Ендеше, рухани жаңару арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз бірлік туы астында бақытқа бірге жетейік.

***Ж.НҰРСАЛИНОВА,***
**Бұқар жырау аудандық сотының судьясы**

# К сведению налогоплательщиков

***Управление государственных доходов по Бухар-Жыраускому району сообщает, что 1 ноября 2018 года состоится семинар-совещание на тему «Разъяснение налогового законодательства» в следующих населенных пунктах:***

- п.им.Г.Мустафина, в здании Дома культуры, в 11 часов;
- п.Кушоки, в здании библиотеки, в 15 часов.

Просим жителей поселков посетить семинар-совещание.

**По вопросам проведения семинар-совещания обращаться в УГД по Бухар-Жыраускому району, по адресу пос.Ботакара, ул.Аблайхана 39А, телефон 8(72154)22077.**

**Управление государственных доходов по Бухар-Жыраускому району**

# Депутаты выполнили задачу

**(Окончание. Начало на 1 стр.).**

Одним из важнейших приоритетов в Послании названо образование. В стране полностью выстроена система образования. Дошкольное воспитание переходит в дошкольное образование. Ведется работа по полному охвату детей дошкольного возраста детскими учреждениями. Среднее звено – общеобразовательные школы – должны соответствовать международным стандартам.

Депутат обращает особое внимание на систему профессионально-технического образования, считая ее достойным началом профессионального становления молодежи. Опираясь на личный опыт, Ирина Сергеевна говорит, что кроме образования как такового, учеба в колледже и работа по избранной специальности – это ступень психологического становления молодого человека и специалиста:

- Профтехобразование – это звено будущего. Оно ставит человека «на ноги», дает возможность самостоятельно зарабатывать на жизнь, мотивирует учиться дальше, повышать квалификацию.



Неоправданны устремления родителей, жертвуя всем, дать ребенку высшее образование. В системе же высшего образования будут закрываться учреждения, которые не дают полноценных знаний. Для высшей школы образец – Назарбаев университет.

Высокую оценку дают депутаты предложению Президента разработать и принять Закон «О статусе педагога». Данный Закон позволит избавить педагогов от несвойственных их профессии функций, число которых достигло полусотни. «Расчистка» рабочего поля педагога позволит повысить эффективность главного процесса – обучения, образования подрастающего поколения.

Слушателей заинтересовал вопрос о повышении минимальной заработной платы, которое планируется в 2019 году.




Заработная плата будет повышена низкооплачиваемым специалистам системы образования и здравоохранения, бюджетных организаций и затронет миллион триста тысяч человек.

Депутаты коснулись вопроса развития территорий. Подход к этой проблеме будет изменен в стране кардинально. Раньше социально-бытовая инфраструктура возникала возле предприятия почти стихийно и требовала впоследствии больших финансовых и материальных вложений для достижения цивилизованной формы. Нередко предприятие вырабатывало свой ресурс и закрывалось, население в поисках работы покидало город, и все построенное – жилье, социально-культурные объекты оказывалось брошенными. То есть модель «инфраструктура к людям» показала свою несостоятельность. Теперь будет внедряться модель «люди к инфраструктуре». Будут развиваться крупные населенные пункты и города, и строительство социально-культурных объектов будет планироваться в соответствии с планом развития конкретного города или села.

Программа развития территорий непосредственно связана с программами жилищного строительства, в том числе «7-20-25». По данной программе через ипотечную организацию «Баспана» казахстанцы смогут приобрести не только новое, но и «вторичное» жилье.

Серик Сапиев обратил внимание участников встреч на тот факт, что повысить уровень жизни можно воспользовавшись государственной программой «Дорожная карта бизнеса»:

- Программа подтвердила свою эффективность, она будет работать и дальше. Создавая собственное малое предприятие с помощью Палаты предпринимателей «Атамекен», вы укрепите финансовое благополучие своей семьи и кроме того станете активным участником преобразования экономики страны, развития малого и среднего бизнеса.

Депутат подробно рассказал, как создать и реализовать проект, призвал молодежь упорно трудиться, стремиться к знаниям.

Отвечая на вопрос, заданный в горняцкой аудитории Нурказгана, С.Сапиев коротко осветил работу депутатов с письмами и обращениями. Подтвердил, что вся корреспонденция доходит до народных избранников, и они работают над поставленными вопросами, информируя авторов о результатах.

- На конвертах пишите просто «Мажилис Парламента РК, депутату такому-то», - посоветовал депутат.

И.С.Унжакова рассказала также, что по итогам встреч с избирателями депутаты тщательно анализируют собранную информацию – сколько, в каких аудиториях было задано вопросов, каков характер этих устных обращений. Анализ проводится по области, затем в целом по стране.

- В результате из общего объема выделяются наиболее актуальные проблемы, решение которых закладывается в программу работы правительства или депутатского корпуса, - говорит И.С.Унжакова.

Что касается вопросов, прозвучавших в ходе встреч, то часть из них была депутатами записана (например, о борьбе с религиозным экстремизмом) для получения нужной информации, по другой части участникам встреч были даны разъяснения. Так на вопрос о низком качестве Интернета, заданном в Ростовской школе, депутат И.С.Унжакова рассказала, что частично это объясняется слабым развитием космической связи в нашей стране. Мы имеем на орбите лишь три спутника, обеспечивающих данный вид связи. Недостаток космической связи компенсируется созданием линий широкополосного Интернета. Но этот процесс длительный и также требует финансовых и материальных вложений.



Прозвучал вопрос о повышении пенсионного возраста. Вопрос задали горняки, считающие, что в их профессии слишком высоки физические нагрузки, сохраняется целый ряд рисков для здоровья горных рабочих. Выступающими было предложено также восстановить «список», то есть перечень профессий, работники которых имеют право досрочного выхода на пенсию.

Депутат И.С.Унжакова отвечала, что повышение пенсионного возраста не внезапная и необоснованная идея правительства. Это связано с международной экономической политикой, которую диктует Международный валютный фонд и инвесторы, ведь во многом благодаря именно их вкладам в экономику Республики Казахстан обеспечивается ее стабильное развитие и движение вперед, реализуются десятки важных экономических проектов.

- Мы живем в глобальном мире, поэтому должны встраиваться в сложившуюся систему взаимоотношений и сотрудничества, выполнять принятые на себя обязательства, - обобщила депутат, пообещав обратившимся, что запрос по данной проблеме будет в правительство сделан.

Директор Ростовской школы Н.Умирбаев поделился с народными избранниками работой, которую проводит коллектив, чтобы воспитать у учащихся трудовые навыки, расширить их представление о возможностях самореализации в сложном современном мире. Руководитель лучшего в районе учреждения образования мечтает о том, что в медицинском кабинете школы дети смогут получить физиолечение или услуги стоматолога. Все условия для этого есть – аппаратура для физиолечения, стоматологическое кресло, но нет практического решения вопроса медицинской службой района.

Еще один вопрос прозвучал в ходе экскурсии народных избранников в школьный подвал. Наша газета уже неоднократно рассказывала читателям о том, что сделали из рядового школьного подвала настойчивость и золотые руки школьного коллектива во главе с целеустремленным руководителем. В подвале оборудован ряд кабинетов, о которых даже не мечтают в других учреждениях образования: зал с несколькими столами для настольного тенниса, тир, борцовский зал с настоящим борцовским ковром, аудитория для занятий НВП, зал, в котором «таскают железо», милый уголок для настольных игр. Все это богатство было в этот день «в работе», скакал теннисный мяч, гремело «железо», над шахматной доской склонились вихрастые головы.

Наши депутаты тут же включились в живой ритм «спортивного подвала», они показали свои возможности в тире, Серик Сапиев сыграл блиц-партию в теннис, испытал мускулатуру в армрестлинге и доброжелательно фотографировался с разными группами школьников.

Депутатам понравился «спортивный подвал», но тут Нуриден Марякович и поставил свой вопрос: в свое время, когда подвал подвергся преобразованию, не было получено разрешение на изменение его назначения и теперь школа получает извещения о штрафах. Судьба спортивного комплекса становится неопределенной – можно ли будет его эксплуатировать, как исправить ситуацию? Ответа на этот вопрос пока нет.

Встречи проходили динамично. Депутаты умело поддерживали интерес аудитории к обсуждаемой теме, не уходили от острых вопросов. Участники встреч сердечно поблагодарили народных избранников, ведь эти встречи помогли им лучше понять Послание Главы государства. Депутаты выполнили свою задачу – побудили сельчан внимательно читать и слушать слова Президента, искать свое место в поставленной программе действий, активно участвовать в ее реализации.

**З.БОГДАНЦЕВА**
**Фото Д.Торжанова**

# Спасибо за поддержку талантливой молодежи

***Наша семья Малышевых из поселка Г.Мустафина выражает благодарность акиму Бухар-Жырауского района Шагурашиду Калиевичу Мамалинову за поддержку и неравнодушное отношение к подрастающему поколению.***

Наш сын, Андрей Малышев, ученик 7-б класса Токаревской школы недавно стал победителем Всероссийского открытого конкурса медийной продукции «Юные журналисты». В награду, от организаторов конкурса, Андрей получил путевку в международный детский центр «Артек».

В нашей семье трое детей, есть студенты, поэтому нам было не просто собрать сына в дорогу. Зная наше материальное положение, и.о. директора Токаревской школы, депутат районного маслихата Г.Т.Хомутова, обратилась с письмом в акимат района с просьбой помочь нам. Так нам была выделена материальная помощь, чтобы наш сын смог поехать в знаменитый лагерь «Артек».

В Токаревской школе наш сын Андрей учится с первого класса на отлично, принимает активное участие в конкурсах, олимпиадах, научно-исследовательских конференциях.

Является призером областной олимпиады по математике, призером районной научно-исследовательской конференции в секции робототехники, обладателем «Золотого формуляра» детской поселковой библиотеки.

Спасибо руководству нашего района за поддержку талантливой молодежи.

**В.МАЛЫШЕВ**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# Қарағанды - келешек технологиясын дамыту орталығы

***20 қазан күні Көкпекті ауылының аумағындағы «Derby Village» демалыс орнында облыс әкімі Ерлан Қошановтың қатысуымен «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы аясында «Цифрлық технологиялар қоғамдық мүддеде» тақырыбында бірінші «IT-WEEKEND.KZ-2018» халықаралық IT-форумы өтті.***

16-қазан күні басталып, 20-қазан күні тәмамдалған форум облысымыздың ғана емес, тұтас республикамыздың сандық технологиялар саласын жетілдіру мәселелерін талдап, жас мамандардың тың идеяларын әрі қарай өркендету жолдарын қарастырды. Негізінен, қарағандылық және қазақстандық IT-мамандарының әлеуметтік-экономикалық салаларда цифрлық технологияларды қолдану мәдениетін дамытудағы табысты жетістіктерін көрсету, елімізде IT-технологияларының институционалдық дамуына жағдай жасау мақсатындағы форум жоспарланған уақыт ішінде бірқатар нәтижелерге қол жеткізді.

Заман талабына қарай, еліміздің қазіргі таңдағы дамуын ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін қолданусыз елестетуге болмайды. Өмірлік іс-әрекеттердің барлық салалары жоғары дәлдіктегі, тиімді және бәсекеге қабілетті құралдарды қолдану негізінде ұшы-қиыры жоқ мүмкіндіктерге қол жеткізеді. Заманауи гаджеттер оқу үрдісінің бір бөлігі болып қана қоймай, ауыл шаруашылығы, кез-келген кәсіпорын өндірісін, тіпті әлеуметтік салаларды оңтайландыратын құралға айналған.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру, «Цифрлық Қазақстан» жаһандық жобасын жүзеге асыру сияқты ел алдына қойып отырған міндеттері – мемлекеттік стратегиямыздың бір бөлігі. «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы да ел тұрғындарының қажеттіліктерін өтеу барысында цифрландырылған инновациялық-технологияларды кеңінен пайдалануға шақырады.

Мәртебесі биік, мақсат-мінделі көп форумның Қарағанды облысында өтуі жөнінде ұйымдастырушылар еліміздің IT-нарығында қарағандылық білікті мамандардың көп болуымен түсіндірді. Расында, форум барысында әлемдік деңгейгі компаниялардың аттары аталып, сонда қызмет етіп жүрген қарағандылық мамандар өз тәжірибелерімен бөлісті.




Форум аясында 16-18 қазан күндері студенттер арасында «IT-WEEKEND.KZ-2018» хакатоны ұйымдастырылса, 19 қазан күні шеберлік сыныптары, тимбилдинг, арнайы көрменің ашылуы өтті. Осынау шаралардың барлығы форумның соңғы күні қорытындыланып, хакатон жеңімпаздары марапатталды.

«Қарағанды – IT кеңістіктің негізгі алаңы» атты негізгі панельдік сессия отырысында Е.Қошанов форумға қатысушыларымен өз ойларымен бөлісті.

Әлем елдерінде цифрландырудың өткен ғасырдың 60-жылдарында басталып кеткендігін, олармен салыстырғанда қазақстандық қоғамның атаулы салада кенжелеп қалғандығын, соған қарамастан, әрекетсіз отыруға болмайтындығын баса айтқан облыс басшысы «Nokia» ұялы телефон компаниясын мысал етті.

- 1990-жылдары алғашқы «Nokia» телефондары қолданысқа ене бастады. Содан 2000 жылдары олар өз тауарларымен қазақстандық ұялы телефон нарығын жаулап алды. Алайда, соңғы жылдарды қарап отырсақ, атаулы нарықта жаңа компаниялар шығып, бәсекелестік арта түскен. Демек, бүгінгі таңда тек қана білікті көшбасшылар топ бастай алады, - деген облыс әкімі Минскідегі жоғарғы технологиялар паркінде болған әсерімен де бөлісті.

Е.Қошанов сөзінде «Мир танков» сияқты компьютерлік ойындардың сатылымы шынайы танктерге қарағанда көбірек пайда түсіретіндігін де айтты. Қазіргі уақытта еліміздегі медицина саласында орын алған тың өзгерістердің бірі «Даму-мед» телефон қосымшасы. Оны да ойластырып, жасаған Қарағанды қаласының тұрғыны екендігін, оны бүгінгі уақытта 300 мың қазақстандық қолданып отырғандығын айта келе:

- Осындай қосымшалардың нәтижесінде үлкен жетістіктерге қол жеткізуге болады. Мемлекеттік және жеке меншік әріптестік арқылы ең маңызды деген жобаларды қаржыландырып, әрі қарай қолдау қажет, - деді. Демек, қазіргі қоғамның негізгі сұранысы IT-технология өнімдеріне бағытталған.

Форум модераторы және «Woopay» төлеу жүйесінің даму бойынша директоры және бірлескен иеленушісі Александр Дорошенко:

-«Айтишниктер» өз беттерімен, емін еркін, өз әлемдерінде өмір сүретін тұлғалар. Сол себепті де олар көп жағдайда үкіметпен тіл табыса алмай жатады, - дей тұра, олардың күнделікті тұрмысымызды қолайлы ету үшін ауқымды жұмыс атқарып отырғандығын, мемлекет тарапынан қолдау, стартаптарға қаржылай көмек қажет екендігін айтты.

Облыс әкімі ресми емес ортада өтіп жатқан форумның ерекшелігі де сол екендігін алға тартып, барлық тың ойлар алдымен ортаға салынып, лайықты дегендері жүзеге асатындығын жеткізді.

Компьютерлік технологияларды еркін игеріп, алдағы уақытта атаулы салада жетістікке жетемін деушілер пленарлық отырыстарда Александр Дорошенкодан басқа, барлығымыз сүйіп көретін «Снежная королева» мультфильмінің 3D-дизайнері Илья Зинченко, Google, State Street Bank, Epam Systems жүйелерінде жұмыс жасаған бағдарламашы Борис Жилко, ҚР инженерлік академиясының академигі Әсет Дүрмағамбетов және т.б. білікті мамандардың ойларын тыңдап, арнайы әлеуметтік желі арқылы сауалдарына жауап алды.

Панельдік сессиялар «Қоғам мен мемлекеттің мүддесі үшін цифрлық технологияларды пайдаланудың қоғамдық тапсырысы», «IT мамандарды даярлаудың проблемалары мен перспективалары», «Бәсекеге қабілетті экономиканы қолдаудағы сандық технологиялар», «SMART-қалалық басқару жобалары – табысты жобаларды таныстыру» тақырыптарына арналып, тұрғындардың күнделікті тұрмысын оңтайландыру жолдары алдыңғы қатарға шықты.

Форумның қобалжуға толы сәті облыс әкімінің хакатон жеңімпаздарын марапаттау сәтіне келді. 1 миллион теңгелік жүлде қордың 200 мың теңге қаржылай сыйлығы тағайындалған 3-орынды Қарағанды мемлекеттік техникалық және экономика университеттерінің студенттері жеңіп алса, екінші орын мемлекеттік техникалық университет студенттерінің «Quick Price» жобасына бұйырды. Ал, бас жүлде 500 мың теңге қоғамымыздың әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарына арналған «Жан үміт» бағдарламасын ұсынған Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің студенттеріне табыстады.

Әлемдік технология нарығы күн сайын қарышты дамып, өркендеп келеді. Күні кеше ғана көз алдымызда енді ғана қолданысқа шығып жатқан техникалық құрылғылар немесе мобильді қосымшалар, бүгін көпшіліктің серігіне айналған. Демек, қарқынды дамып келе жатқан салада еліміздің өзіндік позициясын айқындап, отандық өнімдер шығаратын күні алда. Осы орайда, ең бастысы бизнес-жоспарларды, стартаптарды бастапқы деңгейінде қолдап, қаржылай қамтамасыз ету.

Форум спикерлерінің бірі Б.Жилко өз ісін бастар кезде оған Польшадағы «бизнес-инкубатор» жүйесінің нақты көмектескенін айта отырып, атаулы бағытта елімізде де жұмыс жүргізілсе деген тілегін білдірді. Әлі де қанаты қатаймаған жобаларды заңдық, қаржылай тұрғыда қолдау алдағы уақытта олардың дамып, ел игілігіне пайдасын тигізетіндігіне кепіл болмақ.

Форум қатысушылары Қарағанды өңірінде АҚШ-тың Калифорния штатында қалыптасқан жоғарғы технологиялардың «Силикон алқабы» сияқты «Террикон алқабын» қалыптастыру қажеттілігін де айтып, көпшілік тарапынан қолдауға ие болды.

Әлем елдерін мойындататын заманауи технологияларды дамыту жолдары талқыланған форумның ауданымызға қарасты «Derby Village» сияқты көрікті демалыс аймағында өтуі ауданымыз үшін үлкен мәртебе. Қазіргі уақытта ауданымыздың мектептерінде робототехника сыныптары ашылып, жас өркен мектеп қабырғасынан цифрлық технологияларды меңгеріп жетілуде. Кім білер, алдағы уақытта әлемге танымал «айтишниктер» қатарында өңірімізден шыққан жас өрендер ойып орын алар.

**Н.ӘБІКЕЕВА**

**Д.Торжановтың суретінде:**
*Е.Қошанов форум спикерлерімен.*

*Жолдауға - қолдау*

# Жастар саясаты – мемлекеттің басты назарында

***Елбасының 2018 жылдың 5 қазанда жарияланған халыққа арнаған кезекті Жолдауы әрбір қазақстандықтың тұрмыс деңгейін, әл-ауқатын арттыру үшін нақты бағыт-бағдар көрсетуімен ерекшеленді.***
***Жолдау - істеген ісімізді саралайтын, істейтін ісімізді нақтылайтын, әрбір қазақстандық азамат білуі парыз мемлекеттік маңызды құжат.***

Елбасымыз халқымыздың тұрмыс сапасын арттыруды қолға алды. Яғни, әрбір қазақстандық азаматтың, әр отбасының әл-ауқатын, өмір сүру деңгейін жоғарылатуды көздеді. Білім беру, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір отбасына қатысты екендігін ескертті.

Алдымен білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу, мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту, орта білім беру жүйесінде негізгі белгіленген тәсілдердің орындалу барысын назарға алуды міндеттеді.

Жаңа Жолдаудың тағы бір маңызды бөлігі – жастарға бағытталды. Яғни, мемлекет басшысы 2019 жылды Жастар жылы деп жариялады. Еліміздің болашағы - жастардың қолында демекші, ел Президенті жастарға әрқашан үлкен сенім артып, ерекше көңіл бөлетіні бәрімізге мәлім. Сондықтан да келесі жылдың жастарға арналғандығы жастарға үлкен үміт пен зор сенімнің артылатындығының бірден бір көрінісі. Ал, бұған дейін қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жас ұрпақ пен жастар үшін жасалатын негізгі жұмыстардың алғышарты болмақ.

Үкімет тарапынан да жас буынға әрқашан қолдау көрсетіліп отырады. Бүгінгі таңда жастарды қанаттандыратын «Дипломмен ауылға», «Қазақстан 2020: Болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы», «Жастар практикасы» сынды тағы да басқа мемлекеттік бағдарламалар біздің ауданымызда сәтті жүзеге асырылып келеді. Ауыл жастары арасында жас кәсіпкерлер де аз емес. Олар жыл сайын тиісті құжаттарын тапсырып, жеке кәсіпкерлікті ашу немесе дамыту мақсатында облыс әкімінің және аудан әкімінің гранттарына ие болады. Ауыл жастарын жұмыспен қамту мәселесі де мемлекеттің басты назарында. Осылайша жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналады.

«Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» демекші, маңызды құжаттағы берілген әрбір тапсырмаларды орындау біздің әрқайсымызға тиесілі. Сондықтан, ел болашағы үшін жасалып жатқан нақты қадамдарды қолдап, бағыт-бағдарды дұрыс түсініп, алдағы уақытта атқарылар істерге әрбір азаматтың атсалысуы парыз болмақ.

**А.ЖЕКСЕНБАЕВА,**
**Бұқар жырау аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы**

# Активизировать работу ППО через местных акимов

***В октябре текущего года в первичных партийных организациях партии «Нұр Отан» нашего района прошли отчетно-выборные собрания. На повестке дня отчетно-выборных собраний члены партии расмотрели вопрос о работе первичных партийных организаций (ППО) за 2017-2018 годы, обсудили концепцию активизации ППО и Послание Главы государства народу Казахстана, а также избирали председателя и членов бюро ППО. В собраниях приняли активное участие депутаты районного и областного маслихатов, члены Политсовета, первый заместитель председателя районного филиала партии М.Нурланов. В ходе заседания особо активные председатели ППО были награждены «Благодарственными письмами».***

Особенностью нынешних выборов председателей первичных партийных организаций стал тот факт, что теперь в 26 сельских округах и поселках района председателями первичных партийных организаций избраны акимы сельских округов.

Как известно, сегодня в рядах партийцев активно обсуждается и претворяется в жизнь процесс, связанный с необходимостью модернизации партии «Нұр Отан». Так как новый этап развития страны, начатые процессы политического, экономического и духовного преобразования государства требуют новых подходов и в работе партии.

Сегодня «Нұр Отан» – самая массовая политическая организация страны, в ней состоят более миллиона казахстанцев. В числе приоритетных направлений работы партии стоит воплощение в жизнь предвыборной программы, активная деятельность депутатских фракций в мажилисе и маслихатах. Широкая разъяснительная работа и строгий контроль над реализацией госпрограмм «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» и Плана нации «100 конкретных шагов», в том числе по линии эффективного и надлежащего расходования бюджетных средств. Большое внимание уделяется работе с молодежью. Совместно с молодежным крылом «Жас Отан» успешно реализуются многие проекты, которые повышают доверие к партии со стороны молодого поколения.

В работе по модернизации общественного сознания задействованы весь актив и ресурсы партии. В частности, в настоящее время уделяется огромное внимание популяризации перехода казахского языка на латиницу.

Переформатирована деятельность общественных приемных партии в центре и регионах, активно используются информационно-коммуникационные технологии, социальные сети.

В настоящее время, разработана новая Концепция активизации деятельности первичных партийных организаций. Она предполагает трансформацию подходов в работе ППО. Концепция разработана с учетом анализа текущей ситуации и проблемных вопросов в работе ППО. Основными ее принципами являются системность, комплексность, адресность, открытость.

В рамках модернизации партии «Нұр Отан» 27 августа 2018 года в Караганде впервые проведён региональный форум первичных партийных организаций с участием Секретаря партии Тамары Дуйсеновой, на котором были озвучены новые проекты партии, в том числе участники форума обсудили и внесли свои предложения по проекту новой Концепции.

Ключевая роль в организации работы первичного партийного звена отводится председателям ППО. И в этом вопросе роль местной исполнительной власти очень важна. Акимам на местах предстоит решать важные вопросы по претворению в жизнь таких проектов как, "Цифровая партия", направленных на цифровизацию всей деятельности партии, создание единой базы членов партии, привлечение в ряды партии наиболее активную молодежь из числа предпринимателей, сокращение бумажного документооборота и повышение эффективности деятельности партии. А также повышение цифровой грамотности населения, переход на трёхъязычие, геоинформационный онлайн-сервис бизнеса, развитие малого и среднего бизнеса, государственной молодёжной политики, реализацию и поддержку программы "Рухани жаңғыру" многие другие.

"Новые проекты – это не однодневные акции и не офисные мероприятия, а труд партийцев, итогом которого должно стать реальное улучшение жизни казахстанцев", - отметила Тамара Дуйсенова выступая на форуме ППО. И акимы на местах, в роли председателей первичных партийных организаций будут достойными проводниками всех реформ и проектов партии.

**Т.КУРБАНОВА**

*За строкой послания*

# Развиваем агропромышленный комплекс

***Послание Президента народу Казахстана, отражает все ключевые задачи развития нашей страны. В рамках Послания Главы государства одной из приоритетных и важнейших задач, является модернизация и развитие агропромышленного комплекса Республики Казахстан.***

ТОО «КарСхос им. А.Ф.Христенко» является элитно-семеноводческим хозяйством, действующим с 1932 года.

На сегодняшний день наша опытная станция ведет селекционную работу с яровой мягкой пшеницей, ячменем и овсом, из однолетних трав с суданской травой, многолетних трав - с эспарцетом и житняком и готова обеспечить Карагандинскую область качественными семенами. За последние годы была проделана большая работа по модернизации оснащения нашей станции.

В рамках цифровизации Казахстана, совместно с сотовым оператором «ТЕЛЕ-2» был проведен высокоскоростной интернет 4G, станция была установлена на территории села Центральное, что позволяет нашим сотрудникам и жителям села пользоваться качественным интернетом.

На технику были установлены GPS навигаторы, датчики контроля движения и топлива, оборудованы современные цифровые весы, позволяющие с точностью определять вес нашей продукции. Установлено видеонаблюдение за объектами нашего предприятия.

В следующем году совместно с КАТУ им. С.Сейфулина планируется сделать точечный анализ почвы для оптимального внесения всех необходимых компонентов. Оцифровка карт наших пахотных земель уже проведена.

С целью развития семеноводческой деятельности на 2019 год в рамках государственной инвестиционной программы планируется приобретение сельскохозяйственной техники и оборудования по проекту «Модернизация научно-технической инфраструктуры ТОО «КарСхос им А.Ф.Христенко». Основной целью проекта является модернизация имеющейся сельскохозяйственной техники и оборудования, внедрение в производственный цикл инновационных технологических решений по очистке, сушке зерновых, масличных и зернобобовых культур, однолетних и многолетних трав. С этой целью планируется установка семенной линии компании «PETKUS», отвечающей всем стандартам и требованиям к элитно семеноводческому хозяйству.

В заключение хотелось бы сказать, что семеноводческая деятельность является важнейшим звеном агропромышленного комплекса, и мы просто обязаны развивать эту отрасль во благо развития сельского хозяйства нашей страны, а также помнить о том, что продовольственная безопасность страны напрямую зависит от результатов развития семеноводства.

**Д.НУРПЕИСОВ,**
**директор ТОО**
**«КарСхос**
**им.А.Ф.Христенко»**

*Жәрмеңке - 2018*

# Молшылық жәрмеңкесі қайта жаңғырды

***20-қазан күні Олимпийская көшесінде биылғы жылдың алғашқы ауыл шаруашылық жәрмеңкесінің тұсауы кесілді. Жыл сайын өткізіліп, дәстүрлі шараға айналған ас та төк ауыл өнімінің мерекесі қалалықтарды мол да сапалы таңдауымен ғана емес, қалтаға жеңіл тиетін тартымды бағасымен де қуантты.***



Бұл күні Қарағанды қаласы тұрғындарының игілігіне 500 тоннадан астам өнім аудандардан жәрмеңке қайдасың деп жол тартты. Солардың қатарында ала жаздай жиған құрт-майын арқалаған, бордақыда тұрған малын мүшелеген бұқаржыраулықтар да бар.

Қалалықтар жәрмеңкені төмен бағасы үшін асыға күтсе, ауыл азаматтары төккен терінің ақысын делдалдарға ортақтастырмай, өздері саудалайтын мүмкіндік деп күтеді. Сондықтан сауда мерекесіне тұтынушылар да, өнімді өндірушілер де жіті дайындықпен келеді.

- Бұқар жырау ауданының шаруашылық қожалықтары мен жеке кәсіпкерлері 2,3 тонна ірі қара етін, 1,6 тонна жылқы етін, 2,2 тонна шошқа етін, 3 тонна құс етін, 1 тонна сүт өнімдерін, 100 тонна картоп, 50 тонна көкөніс және 125 мың дана жұмыртқа сатуға әкелді, - дейді ауыл шаруашылығы саласына жауапты аудан әкімінің орынбасары А.Дардақов.

Қала тұрғындарының негізгі сұранысы көкөністер мен ет өнімдерін сатып алу кезінде байқалды. Ал, арнайы сауда орнына тегін кірген шаруалар бағаны белгіленген мežеден асырған жоқ. Барлық тауарлар төмендетілген бағамен сатылды. Осылайша, қой етінің бір килограммы жәрмеңкеде 1100 теңге, сиыр еті – 1300 теңгеден жоғары, жылқы еті 1500 теңгеден жоғары бағамен сатылды. Балықтың бір келісі 600 теңге, картоп 50 теңгеден болды.

Қысқы күнін ерте ойлаған Арман Көпбаев бірнеше жылдан бері соғымды жәрмеңкеден таңдап жүріп ең жақсысын аламын дейді ағынан жарылып. Жәрмеңкеден артынып-тартынған тек қарапайым тұрғындар ғана емес, үлкен шаһардың халықты ыстық аспен қамтамасыз ететін асхана, кафе қожайындарын да көрдік.

Ұлттық тарихымыздан санамызда қалыптасқан кодтың бірі – жәрмеңке ұғымы тек қана сауда алаңы ғана емес, бұл дарындылардың өнерін тамашалап, сауықсайран құратын орын. Осынау дәстүр бұл жолы да ұмыт қалмай, кезектескен аудандар Бауырсақ-шоу ұйымдастырып, ыстық бауырсақ таратып, концерттік бағдарламаларын да ұсынды.

Жалпы бұл күні ауданымыздан барған жеке кәсіпкерлер тонналап тауарын сатып, пайдадан кенде қалған жоқ.

Келесі ауыл шаруашылық жәрмеңкелері Қарағандыда 27-ші қазанда және 10-шы қарашада өтеді. 27-ші қазанда облыс орталығында 500 тонна азықтүлік тауарлары сатылады деп жоспарлануда.

**Н.ӘБІКЕЕВА**
**Д.Кузьмичевтың суреті**